

"Қарағайлы кен байыту комбинаты" акционерлік қоғамын қаржы-шаруашылық сауықтыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 30 маусымдағы N 903 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы 1993-95 жылдардағы (II кезеңі) мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру Ұлттық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1135 U931135_ Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 шілдедегі N 633 P930633_ қаулысын, "Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1135 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 2268 Жарлығын орындау үшін және кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін тұрақтандыру, инвестициялар, озық технологиялар тарту және тиімді басқару тәжірибесімен қарулану мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ

Е Т Е Д І :

1. Мыналар мақұлданын:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Алексей Постовалов және компания" акционерлік қоғамы арасында "Қарағайлы кен байыту комбинаты" акционерлік қоғамын басқару құқына 1995 жылдың 23 мамырында жасалған N 15/95 контрактысы.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 қыркүйектегі N 904 P930904_ қаулысымен құрылған "Алтай-ТМ" Мемлекеттік холдинг компаниясының құрамынан "Қарғалы кен байыту комбинаты" акционерлік қоғамы шығарылсын.<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1995.07.21. N 904 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігі аталған кәсіпорынды басқару құқына контракт шарттарының орындалуына бақылау жасау бойынша өкілін тағайындасын және осы қаулының жүзеге асырылуы жөнінде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру оған жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі басқару құқына контрактыға қол қойған ұйымның басқарылатын кәсіпорынның бюджетке және еңбекақы төлемдері, сондай-ақ оның айналым қаржысын құру бойынша берешектерін өтеу жөнінде қабылдаған қаржы міндеттемелерінің толық және уақтылы орындалуына бақылау жасасын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК